



**ШЕШІМ**

**РЕШЕНИЕ**

2021 жылғы 10 қыркүйек №58

Ырғыз ауылысело Иргиз

**Аудандық мәслихаттың 2021 жылғы 5 қаңтардағы №366 «2021-2023 жылдарға арналған Аманкөл ауылдық округ бюджетін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Ырғыз аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Аудандық мәслихаттың «2021-2023 жылдарға арналған Аманкөл ауылдық округ бюджетін бекіту туралы» 2021 жылғы 5 қаңтардағы (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде №7953 болып тіркелген) №366 шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

« 1. 2021-2023 жылдарға арналған Аманкөл ауылдық округ бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде, 2021 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

1) кірістер – 239 113,4 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 2 436 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 40 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

трансферттер түсімі – 236 637,4 мың теңге;

2) шығындар – 239 496,9 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 0 теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 0 теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -383,5 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 383,5 мың теңге, оның ішінде:

қарыздар түсімі – 0 теңге;

қарыздарды өтеу – 0 теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 383,5 мың теңге.».

4-1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«4-1. 2021 жылға арналған Аманкөл ауылдық округ бюджетінде аудандық бюджет арқылы республикалық және облыстық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер түсетіні ескерілсін:

«Ауыл – Ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыруға-172906 мың теңге.».

5-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

« 5. 2021 жылға арналған Аманкөл ауылдық округ бюджетінде аудандық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер түсетіні ескерілсін:

елді мекендерді абаттандыруға – 29 996,7 мың теңге;

автомобиль жолдарын жөндеу барысында атқарылатын жұмыстар мен материалдардың сапасына сараптама жүргізуге– 3055,7 мың теңге;

жергілікті атқарушы органның мемлекеттік қызметшілеріне еңбекақы төлеудің жаңа жүйесін енгізуге- 7390 мың теңге.».

2. Көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. Осы шешім 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Ырғыз аудандық  
мәслихатының хатшысы**

**Н.Қызберген**